

*Г.Я.Амандыкова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>ф.ғ.к., Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы  
Сорбонна-Қазақстан институты, Абай атындағы ҚазҰПУ  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ФРАНЦУЗ ТІЛІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР МАМАНДАРЫНА ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада француз тілін халықаралық қатынастар саласының мамандарына оқытудың әдістемелік және мазмұндық ерекшеліктері қарастырылып, арнайы мақсаттағы француз тілі (Français sur Objectif Spécifique - FOS) шеңберінде кәсіби лексика мен дипломатиялық дискурсты меңгерудің тәсілдері мен заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі атап көрсетіледі. Кәсіби лексиканы меңгеру, мәдениетаралық коммуникация, құжаттармен жұмыс жасау және заманауи цифрлық ресурстарды пайдалану мәселелері қарастырылып, сандық ресурстар мен интерактивті платформаларды пайдалану арқылы тіл үйренушілердің танымдық қызығушылығы мен ынтасын арттыру жолдары да назарға алынады. Мақала жоғары оқу орындары оқытушылары мен әдіскерлеріне арналған.

**Түйін сөздер:** арнайы мақсаттағы француз тілі FOS, халықаралық қатынастар, дипломатиялық дискурс, CLIL, кәсіби лексика, мәдениетаралық коммуникация, заманауи оқыту әдістемесі, түпнұсқа материалдар, сандық ресурстар

*Амандыкова Г.Я.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.ф.н., старший преподаватель кафедры Международных отношений  
Института Сорбонна-Казakhstan, КазНПУ им.Абая*

## **МЕТОДИЧЕСКИЕ И СОДЕРЖАТЕЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ФРАНЦУЗСКОМУ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТИ «МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ»**

*Аннотация*

В статье рассматриваются методические и содержательные аспекты преподавания французского языка студентам направления «Международные отношения». В рамках французского языка для специальных целей (Français sur Objectif Spécifique - FOS) описываются эффективные подходы и современные педагогические технологии, направленные на освоение профессиональной лексики и дипломатического дискурса, развитие межкультурной коммуникации и навыков работы с официальными документами, и использования цифровых ресурсов. Материал предназначен для преподавателей вузов и специалистов в области методики обучения.

**Ключевые слова:** французский язык специального назначения FOS, международные отношения, дипломатический дискурс, CLIL, профессиональная лексика, межкультурная коммуникация, современные методы обучения, аутентичные материалы, цифровые ресурсы

*Amandykova G.Ya.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> c.of phil.sciences, senior lecturer at the Department of International Relations  
Institute Sorbonne-Kazakhstan, Abai KazNPU*

## APPLIED LINGUISTIC APPROACHES TO TEACHING FRENCH IN THE FIELD OF INTERNATIONAL RELATIONS

### *Abstract*

This article analyzes the methodological and content-specific features of teaching French to students majoring in “International Relations.” Within the framework of French for Specific Purposes (Français sur Objectif Spécifique - FOS), it presents effective approaches and modern pedagogical technologies for teaching professional vocabulary and diplomatic discourse, as well as for developing intercultural communication, working with official documents, and using digital resources. The article is intended for lecturers and methodologists.

**Keywords:** French for Specific Purposes - FOS, international relations, diplomatic discourse, CLIL, professional vocabulary, intercultural communication, modern teaching methods, authentic materials, digital resources

Халықаралық қатынас мамандарына арнайы оқыту бағдарламаларын әзірлеу жұмысына ғылыми негізделген әдістемелік қолдау мен инновациялық оқыту технологияларын енгізу бүгінгі таңда елімізде аса өзекті. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жариялаған «Жоғары оқу орындарында шетел тілін оқыту бағдарламаларына арналған әдістемелік нұсқаулар» атты ресми құжатта елдің жоғары оқу орындарында шет тілін оқыту процесін жүйелі түрде ұйымдастыру үшін әдістемелік нұсқаулар берілген.[1] Бұл талаптар елдің жоғары оқу орындарында шет тілдерін оқыту сапасын жақсартуға, тілдік курстарды дамытуға бағытталған. Пәндер арасында байланыс орнатып, кешенді оқыту нақты мамандық мазмұны мен шет тілін бірдей меңгеру, оны оқытудың жаңа әдістерімен, сондай-ақ бағалау жүйесімен үйлестіру көзделеді. [2]

Français sur Objectif Spécifique (FOS) - белгілі бір кәсіби немесе академиялық мақсатқа жетуге арналған француз тілін белгілі бір саланың қажеттіліктеріне сәйкес оқытады. Мысалы, халықаралық қатынастар, дипломатия, экономика, медицина немесе туризм сияқты мамандықтардың сөздік қорына, әсіресе термин сөздеріне және коммуникациялық дағдыларға басымдық беріледі. FOS-тың негізгі ерекшелігі - пән мазмұны студенттердің болашақ кәсіби қызметіне тікелей байланысты, ол студенттердің күнделікті қарым-қатынас тілін ғана емес, сонымен қатар өз саласында қолданылатын ресми стильді, кәсіби сөздік қорын, салалық дискурс, кәсіби мәтіндерді игеру дағдыларын меңгеретінін білдіреді, бұл әдістеме кәсіби тіл үйретуде маңызды рөл атқарады [2]

Жалпы алғанда, халықаралық қатынастар саласы - түрлі елдер арасындағы саяси, экономикалық, құқықтық және мәдени байланыстарды қамтитын көпқырлы бағыт. Бұл салада маманданған тұлғалар бірнеше шет тілін, соның ішінде француз тілін меңгеруі - кәсіби біліктіліктің маңызды көрсеткіші. Француз тілі көптеген халықаралық саяси, мәдени және экономикалық ұйымдардың ресми тілі болғандықтан, бұл тіл жай ғана сөйлеу құралы емес, ол кәсіби және халықаралық деңгейдегі саяси, құқықтық әрі мәдени байланыстарды орнатудың негізгі құралы болып саналады. [3]

FOS мақсатқа бағытталған тілдік база мен кәсіби дайындықты қалыптастыратын пән, ал CLIL (Content and Language Integrated Learning) сол тілдік негізді нақты пәндік контексте қолдануға мүмкіндік беретін әдіс, осындай үйлесімділік халықаралық қатынастарға қатысты материалдарды француз тілінде оқыту барысында тілдік біліктілікті дамытумен бірге, мәдени, саяси контекстік ерекшеліктерін дұрыс қолдану мақсатын көздейді. Студенттердің тілдік әрі кәсіби дағдыларын бірдей дамыту үшін кейс-стади, дебат, рөлдік ойындар, жағдаяттық талдау, атап айтқанда, салыстырмалы

түрде әр түрлі елдердің сыртқы істер министрлігінің құжаттарын, халықаралық жаңалықтарды, бейне материалдарды және басқа да түпнұсқа дереккөздерді пайдаланып, халықаралық келіссөздер моделін ұйымдастыру, меморандумдар жазу, жобалар жасау секілді жұмыс тәсілдері қолданылады. [2]

Француз тілін кәсіпке бағыттап оқытуда CLIL әдісінің тағы бір құндылығы: білім алушыға арнайы лексика мен коммуникативтік үлгілерді меңгертіп, кәсіби қызмет аясында тілдік қатынас машығын дамыту арқылы, оларды өз мамандығы бойынша тиімді қызмет етуге бейімдейді. [4]

Осындай заманауи талаптарға сәйкес, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде білім беру бағдарламаларына халықаралық қатынастар саласындағы кәсіби лексиканы, дипломатиялық тілдік нормаларды меңгеруге арналған теориялық пәндер мен кәсіби машықтандыру жұмыстары жүргізілуде: мамандықтың негізін құрайтын теориялық білім студенттерге негізгі ұғымдарды, терминологияны, заңдар мен қағидаларды түсінуге мүмкіндік береді, сонымен қатар, теория мен тәжірибенің үйлесімі олардың сыни ойлау дағдыларын дамытады және, ең бастысы, оларды тәуелсіз шешім қабылдауға үйретеді. Осылайша, шет тілін үйренудің психоллингвистикалық, социоллингвистикалық, прагматикалық, дискурсивті және мәдениетаралық аспектілерін жүйелі түрде зерттеп үйренген болашақ мамандар тілді тек сөздік қор ретінде ғана емес, сонымен қатар нақты кәсіби жағдайларда қарапайым және сенімді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана алады.

Еуропа тілдерін меңгеруге арналған жалпы еуропалық стандарттау анықтамасы бойынша [5], қандай да бір мамандықты француз тілінде меңгерудің деңгейлік талаптарына сәйкес, жоғары оқу орнына қабылдану кезінде абитуриенттердің тіл меңгеру деңгейі деп B1-C2 бағалау критерийлері атап көрсетіледі, B1 мамандықтар туралы жалпы бағдар алу үшін қажет, қарапайым ақпарат оқу, бастапқы деңгейдегі қарым-қатынас жасау үшін; ал енді, кәсіби мәтіндерді оқу, пікір білдіру, сұхбатқа дайындалу сияқты талаптарды орындай алу үшін B2 - қолайлы деңгей, күрделі терминдерді меңгеріп, ғылыми, кәсіби материалдарды сараптай алатындай, өз мамандығы саласында жатық, емін-еркін қарым-қатынас жасай алатындай, кәсіби тұрғыдан жан-жақты даму үшін C1 деңгейі талап етіледі, демек, халықаралық қатынастар мамандарына арналған тіл курстары осы деңгейлерге сәйкестендіріліп, нақты кәсіби міндеттерге дайындықты қамтамасыз етуі тиіс, жоғары деңгейдегі тілдік білімі болуы маманның өз саласында тиімді жұмыс істеуіне, халықаралық ортада бәсекеге қабілетті болуына негіз қалайды.

Осы орайда, халықаралық қатынастар мамандарына француз тілін оқыту барысында кездесетін қиындықтарды да ескеруге тиіспіз: кәсіби тілді меңгеру үшін жалпы тілдік құралдарды еркін, дәл әрі орынды қолдана алатындай, күрделі мәтіндерді түсіне алатындай, кәсіби салада пікір алмасуға толық мүмкіндік беретіндей оқушылардың тіл игеру деңгейі әдетте C1–C2 болуы талап етіледі.

Алайда, біздің елімізде ұзақ уақыт бойы орта мектептерде француз тілі шет тілі ретінде оқытылмағандықтан, жоғары оқу орындарына түсетін абитуриенттердің басым бөлігі француз тілін толығымен жаңадан бастайтын болғандықтан, тілді жоғарғы курста ғана B1–B2 деңгейінде меңгеріп келеді, бұл өз кезегінде кәсіби негізгі мазмұнды толық әрі терең игеруге кедергі келтіруі мүмкін. Бұл деңгейде оқушылар жалпы мазмұнды түсініп, күнделікті тақырыптарда қарым-қатынас жасай алғанымен, кәсіби бағыттағы күрделі мәтіндерді игеру, арнайы терминологияны қолдану, ғылыми немесе іскерлік стильде еркін сөйлеу сияқты дағдылар толық қалыптаса қоймайды. Осы айырмашылық оқу процесінде белгілі бір қиындықтар туғызады: біріншіден, студенттер кәсіби пәндерді француз тілінде игеруде қиналады, екіншіден, оқытушылар оқу материалын жеңілдетуі тиіс болады, қосымша тілдік дайындық курстар жүргізуге тура келеді.

Халықаралық стандарттар талабына білім алушылардың тіл деңгейі сәйкестікке қол жеткізу үшін, Абай университеті осы алшақтықты жоюға бағытталған кешенді шаралар жүргізіп, тілдік деңгейді кезең-кезеңімен көтеруге бағытталған арнайы бағдарламалар жасауда, мысалы, алғашқы екі курста заманауи оқыту әдістерін қолданып тілдік дайындықты күшейтеді, терминологиялық базаны жүйелі түрде үйретеді, қосымша курстар мен француз тілі клубтарын ұйымдастырып, тілдік орта қалыптастырады. Қазіргі білім беру процесінде табиғи тілдік орта болмаған жағдайда оны жасанды түрде модельдеу қажеттілігі шет тілін тиянақты меңгерудің негізгі әдістемелік талаптарының бірі ретінде қарастырылады. [6]

Тілдік деңгейді талапқа сай ету үшін, алдымен, академиялық негізгі талаптарды орындап, білім алушының жазбаша және ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру керек болады. Фонетика, графика, грамматика, лексика тәрізді тілдік салалардың әрқайсысын А1-А2 деңгейінде жүйелі түрде жаттықтыру ерекше маңызды. Дұрыс айтылым мен фонетикалық дағдылар ауызша коммуникацияны жеңілдетсе, лексикалық қордың жеткілікті болуы кәсіби және академиялық мазмұнды түсінуге мүмкіндік береді. [7] Грамматикалық құрылымдарды меңгеру ойды нақты әрі қисынды жеткізуді қамтамасыз етеді, ал орфографиялық дағдылар жазбаша жұмыстардың сапасын арттырады. [8]

CLIL әдісінің мазмұн мен тілді қатар меңгеруге бағытталуы студент бір мезетте әрі пәндік ақпаратты қабылдап, әрі оны шет тілінде талдап, жеткізе алатындай тілдік дайындығы жеткілікті деңгейде қалыптасуы тиіс, сондықтан фонетика, айтылым, лексика, грамматика және графика сияқты негізгі тілдің салаларын кешенді түрде меңгеру - FOS игерудің алғышарты.

Сонымен, арнайы мақсаттағы тіл үйрету (FOS) мен француз тілін жалпы коммуникативтік мақсатта меңгеруге бағытталған базалық (FLE) оқыту әдістемелерінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар, осыған орай студенттерді алдымен француз тілін мамандыққа бағыттап оқытудың ерекшеліктерін түсіндіретін әдістемелік нұсқауларымен таныстыруымыз абзал. Арнайы мақсаттағы тіл оқыту жүйесі - FOS-тың, нақты кәсіби салада дипломатия, халықаралық саясат және қауіпсіздікке қатысты мәтіндер арқылы арнайы дискурсты, сөйлеу әдебін, дипломатиялық мәтін құрылымын, ресми және бейресми тіл айырмашылықтарын, кәсіби қарым-қатынас стильдерін оқытатын мақсаты мен міндеттерін нақтылап, ашып көрсету жөн [2]

Келесі кезеңде оқытудағы негізгі мәселелердің бірі - кәсіби сөздік қордың көптігі мен ресми тілдің күрделілігіне байланысты бірсарынды дәрістер студенттердің ынтасын төмендетуі мүмкін. [9] Осы мезетте бастысы, студенттің оқу мақсатын айқындауға көмектесу маңызды, әрбір студент не үшін білім алып жатқанын, болашақта қандай маман болғысы келетінін нақты түсінуі керек, мақсаты айқын адамда мотивация да жоғары екені түсінікті, сонымен қатар, оқу процесін қызықты әрі тартымды ету үшін заманауи технологияларды қолданып, интерактивті сабақтар өткізу, топтық жұмыстар ұйымдастыру студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырады. [10] Дәл осы тұрғыда оқытушылар үшін тағы бір маңызды жұмыс - студенттерді қолдап-мадақтап отыру, оқудағы әрбір жетістіктерін атап айтып, кішігірім болса да табыстарын бағалап отыру студенттерге сенім береді, әрі қарай оқуға деген ынтасын күшейтеді. [10], [11], Нақты мақсаттар қою, қызықтырып оқыту, оқушыларға үздіксіз қолдау көрсету және жағымды атмосфера жасау жақсы прогресс кепілі деп атап көрсетеді педагог-сарапшылар. [12],[13].

Қазақстандық педагогтардың өз тәжірибесіне сүйеніп, талдауына сүйенсек, кәсіби тұрғыдан француз тілін оқытудың тиімді тәсілдерін пайдалану ерекше маңызды [14],[15],[16]. Осыған байланысты аудиторияда, аудиториядан тыс жұмыстарымызда түпнұсқа материалдарды пайдалану, арнаулы интернет сайттарын, бейне, аудио

материалдарды оқып-үйрену күнделікті орын алады, соның арқасында француз кәсіби мәтін тілінің ерекшеліктерін, қолданылатын әдебиеттер мен интернеттегі дереккөздерді айрықша саралаймыз.

Заманауи технологиялық құралдардың ішінде цифрлық технологиялар басты рөл атқарады, онлайн платформалар - Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom, тіл үйренуге арналған мобильді қосымшалар - Duolingo, Quizlet, Memrise – сөздік қор жинау үшін қолайлы, Wayground, интерактивті білім беру ресурстары - LearningApps, Wordwall, сондай-ақ бейне-аудио материалдарға негізделген платформаларды-France Éducation, TV5Monde, European School Platform, ECML, RFI Savoirs, YouTube: vidéos de cours en CLIL et enseignement de l'EMILE, [17], [18] кеңінен қолданамыз. Сондай-ақ, электронды оқулықтар мен арнайы сайттар [19], жасанды интеллектке негізделген қосымшаларды, цифрлық байланыс ортасын - чат, форум, виртуалды пікірталасқа қатысу тілдік біліктілікті дамытуға ықпал етеді.

Қазіргі заман талабына сай үздіксіз жаңартылып отыратын ресурстар Wayground, Edpuzzle, Padlet, Google Classroom сияқты цифрлық білім беру платформаларын қолдануымыз студенттердің қызығушылығын арттырып, оқыту процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, олардың оқу материалын меңгеруін оңайлатады, сондай-ақ бұл интерактивті платформалар студенттерге өз бетінше жұмыс істеуіне өте қолайлы, оқытушыларға да ыңғайлы: пәнге байланысты өздік жұмыс, лабораториялық жұмыс түрлерін ұйымдастырып, тапсырмаларды бақылап, жедел және тиімді түрде оқу нәтижелерін бағалай аламыз.

Демек, тілдік ортаны жасанды модельдеу қажеттігі жағдайда, шет тілін бастапқы деңгейден оқыту және оны кәсіби бағытта меңгерту ісі - аса күрделі әрі көп еңбекті талап ететін оқыту үдерісі, сондықтан көп қырлы заманауи педагогикалық тәсілдерді кешенді түрде қолдану тұрақты нәтижеге жеткізетін сенімді жол.

### ***Қолданылған әдебиеттер тізімі***

1. *ҚР Білім және ғылым министрлігі. Жоғары оқу орындарына арналған шет тілін оқыту бағдарламаларының әдістемелік нұсқаулары. Нұр-Сұлтан, 2020, ҚР БҒМ баспасы.*

2. Mangiante, J.-M., & Parpette, C. (2023). *Le français sur objectif spécifique : ingénierie de la formation et conception de programme*. Paris: Hachette FLE.

3. *Амандыкова Г.Я. Роль французского языка в международных отношениях и праве: опыт преподавания французского языка как иностранного будущим дипломатам и юристам. Вестник КазНПУ им.Абая, апрель 2025, УДК 378; ГРНТИ 14.35.09*

4. Lazar, I. (ed.). (2003). *L'enseignement d'une matière par l'intégration d'une langue étrangère (EMILE / CLIL) en contexte scolaire*. Graz: ECML.

5. Cadre européen commun de référence pour les langues (CECR) <https://www.coe.int/fr/web/common-european-framework-reference-languages> *Council of Europe. Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment. Cambridge University Press, 2025.*

6. *Амандыкова Г.Я. Шетел тілдерін оқытудың инновациялық әдісі - жаңа формация. Шет тілдік білім беру: озық тәжірибе, инновация және перспективалар, V халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Абылай хан атындағы Қазақ әлем тілдері университеті, 12-13 қараша 2018*

7. *Амандыкова Г.Я. Француз тілінің графикасы мен жазу емлесі. Graphie et orthographe. Didactique du FLE dans les pays slaves, Cahiers prononciation, orthographe,*

*grammaire, vocabulaire. Revue scientifique internationale. Octobre, 2008, volume 1, numéro 2, ISSN 1337-9283*

8. Амандыкова Г.Я. FLE француз тілінің айтылымы: орыс тілді немесе билингв топтармен француз тілінің айтылымы бойынша өз жұмыс істеу тәжірибем туралы. *Prononciation du FLE : Expérience du travail sur la prononciation française avec les groupes russophones ou bilingues. Didactique du FLE dans les pays slaves, Cahiers prononciation, orthographe, grammaire, vocabulaire. Revue scientifique internationale. Janvier, 2009, volume 1, numéro 2, ISSN 1337-9283*

9. Нуриева С. Обучение английскому языку: подход к проблеме мотивации, ISSN 1563-0293 KazNU bulletin. «Pedagogical science» series. No3 (40). 2013

10. Құлжанова, Г. С. Француз тілін арнайы мақсатта оқыту әдістемесі. *Халықаралық тіл білімі журналы, 2018, 2(4), 56-63.*

11. Жолдасов, Б. Т. Халықаралық қатынастар саласына арналған шет тілін оқытудың ерекшеліктері. *Педагогика және психология, 2017, 4(56), 78-84.*

12. Сәрсенова, А. Ж. Француз тілін халықаралық қатынастар студенттеріне оқыту әдістемесі. *Білім және инновация, 2019, 3(22), 112-119.*

13. Қайырбекова, Р. Е. Халықаралық қатынастар мамандарына шет тілін оқытуда инновациялық технологияларды қолдану. *Тіл және мәдениет, 2020, 1(7), 45-52.*

14. Тәукенова, М. Ж. Арнайы мақсаттағы тіл үйретудің әдістемелік аспектілері. *Жаңарту және дамудағы білім, 2021, 6(18), 89-95.*

15. Тұрсынбаева, Г. Қ. Халықаралық қатынастар мамандарына француз тілін оқытудың теориялық негіздері. *Филология және тіл білімі, 2018, 2(15), 34-40.*

16. Айдарбек, Н. Б. Халықаралық қатынастар саласындағы шет тілін оқытудың заманауи әдістемесі. *Болашақ педагог, 2022, 1(12), 55-61.*

17. *TV5Monde. Ressources pédagogiques pour le français sur objectifs spécifiques. 2024. URL: <https://apprendre.tv5monde.com/fr/>*

18. *RFI Savoirs. Français pour spécialistes des relations internationales. 2024, URL: <https://savoirs.rfi.fr/fr/apprendre-enseigner/francais-professionnel>*

19. *Le Monde diplomatique, 2025.*